

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №3 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

2023–2024 оқу жылы

Өткізілген күні: «01» ақпан 2024 ж.

Қатысқандар: 5 педагог

Қатыспағандар: 0

Төрайымы: А.Овезова директор

Хатшы: Ж.Сариева

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Ата-анамен әдепті қарым-қатынас: сенім мен сыйластық негізінде» тақырыбындағы дөңгелек үстел.
2. Әдеп бұзушылықтардың алдын алу: жағдаяттық талдау.

ТЫҢДАЛДЫ

1 мәселе бойынша

Дөңгелек үстел барысында педагогтер мен ата-аналар арасындағы өзара сенімді қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы талқыланды. Ата-аналармен жұмыс жасауда әдептілік, ашықтық, сыпайылық және өзара құрмет қағидаларын сақтау қажеттігі айтылды. Педагогтердің ата-аналармен тиімді байланыс орнату тәжірибелерімен бөлісуі ұйымдастырылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп талаптары қатаң сақталсын.
2. Ата-аналармен кері байланысты нығайту мақсатында түрлі кездесулер мен кеңестер тұрақты өткізілсін.
3. Өзара сенім мен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

2 мәселе бойынша

Әдеп бұзушылықтардың алдын алу мақсатында түрлі жағдаяттар талданып, оларды шешудің тиімді жолдары қарастырылды. Педагогтердің кәсіби қызметінде кездесуі мүмкін даулы жағдайларда педагогикалық тактика мен этикалық нормаларды сақтау қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Әдеп бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Педагогтерге этикалық жағдаяттарды шешу бойынша әдістемелік қолдау көрсетілсін.

- Педагогикалық әдеп кодексінің талаптарын сақтау тұрақты бакылауға алынсын.
4. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды сақтау бойынша жұмыстар күшейтілсін.

Төрайым:

А.Овезова

Хатшы:

Ж.Сариева

